№9 (23275)
Seisenbı,
4 aqpan 2025 jyl

SOLTÜSTIK QAZAQSTAN

Gazet 1920 jyldyñ 22 aqpanynan şyğa bastady

soltustikkaz.kz facebook.com/soltustikkaz instagram.com/soltustikkaz kyzylzhar_akparat@mail.ru

KEREK DEREK

2024 жылдың қаңтар-желтоқсан аралығында Қазақстанда барлық көлік түрімен 1,7 млрд жолаушы тасымалданды. Бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,3 пайызға артық. Көлік тасымалынан түскен кірістер 1,2 трлн. теңгені құрады. Жолаушылардың басым бөлігі автомобиль және қалалық көлікпен (автобустар, троллейбустар, такси т.б.) тасымалданған.

Bärı de balalar üşın!

ӘР БАЛАҒА – 129,38 ДОЛЛАРДАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа арнаған Жолдауында «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтерген болатын. Бастаманың аясында 2025 жылы 18 жасқа толмаған балалардың әрқайсысына 129,38 АҚШ доллары көлемінде қаражат аударылды.

(Жалғасы 2-бетте)

Saqtyqta qorlyq joq

ҚАРДАҒЫ СУДЫҢ МӨЛШЕРІ ЖОҒАРЫ

Облыс әкімі жұмыс сапарымен Шал ақын ауданына барды. Сапар барысында Ғауез Нұрмұхамбетов Сергеев су қоймасының көктемгі су тасқынға дайындығын тексерді. Мамандар гидротораптың жағдайын және көктемгі су тасқынына қатысты болжамдарын айтты.

Былтырғы төтенше жағдайда су торабының жанындағы сол жақ жағалаудан 2 мың текше метр балшықты су шайып кеткен. Сол мәселені шешу үшін тас төселген. Қазіргі таңда тиісті жұмыстардың барлығы аяқталыпты.

«Бүгінгі таңда Сергеев су қоймасы қалыпты жұмыс істеп тұр. Ешқандай қауіп жоқ. Комиссиялық тексеруден өттік. Сергеев гидроторабы да, Петропавл су қоймасы да су тасқынына дайын. Жоспарда болған жұмыстардың барлығы атқарылды. Биылға тағы да ауқымды жұмыстар жоспарланған. Оның барлығы тендер ойнатылғаннан кейін қолға алынады. Республикалық бюджеттен 321 млн теңге, «Демеу» қорынан 200 млн. теңге бөлінді. Бұл қаражатқа оң жағалауды бекітеміз», – деді «Қазсушар» РМК облыстық филиалының директоры Шұғайып Ибатуллин.

(Жалғасы 2-бетте)

Bärekeldı!

АУЫЛДА АШЫЛҒАН СПОРТ НЫСАНДАРЫ

Аққайың ауданының Дайындық ауылында заманауи спорт кешені және Есіл ауданының Петровка елді мекенінде жабық хоккей корты пайдалануға берілді. Жаңа нысандар – бұқаралық спортты дамытуға көп көмек. Ашылу салтанатына облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов қатысты.

(Жалғасы 2-бетте)

Tolğandyrar taqyryp

«ӘКЕҢ КЕЛЕ ЖАТЫР...»

Қазіргі отағасының отбасындағы орны қандай?

Бала тәрбиесіне кім жауапты? Бүгінгі баланың бойында кімнің тәрбиесі басым? Алғашқысына бір деммен ата-ана деп жауап беруге болады. Ал екінші сұраққа келгенде күмілжитінімізді жасырмай-ақ қояйық. Бала тәрбиесіне ата-ана жауапты екені айдан анық. Бірақ таразының қос басы тең болғанда ғана отбасылық тәрбие түйінделеді. Бізде осы жағы кемшін. Көп жағдайда бала ананың қанатының астында. Талай буынға тура жолды көрсеткен әкенің қабағынан сес қайтқан ба? Осы мәселе қозғалған кезде түрлі себеп пен сылтау айтылады. Жүргізілген зерттеулерге зер салсақ, мамандар мұның барлығын елдің экономикалық ахуалымен байланыстырады.

(Жалғасы 8-бетте)